

Бекітемін



***2025-2026 оқу жылының I тоқсанындағы
мектеп кітапханашыларының есебі***

Ақтобе, 2025 ж.

Мектеп кітапханасының 2025-2026 оқу жылындағы (қыркүйек,қазан айы бойынша) есебі

2025-2026 оқу жылында мектебімізде 144 класс комплектісі жасақталды. Мектебіміздің барлық оқушылары 100% мектеп оқулықтарымен қамтылды. Биылғы оқу жылында мазмұны жаңарған оққылықтарға тоқталар болсақ, 4-сынып – **«English language»**, **«Бейнелеу өнері»**, **«Русский язык» 1 часть**, **«Русский язык» 2 часть**, 7 сынып – **«қазақ әдебиеті»**, **«алгебра»**, **«геометрия»**, **«қазақстан тарихы»**, **«көркем еңбек»**, **«физика»**, **«химия»**, **«Excel»**, **«Биология»**, **«География»**, **«Физика»**, **«Көркем еңбек»** 8-сынып – **«Қазақстан тарихы»**, **«География»**, 10-11 сынып – **«Алғашқы әскери дайындық»**, 11-сынып – **«Құқық негіздері»** пәндерінің мазмұны жаңарған болатын. Мұғалімдер мен оқушылар биылғы оқу жылында мазмұны жаңарған мектеп оқулықтарымен танысу жұмысын жүргізді.

5-қыркүйек – **«Қазақстан халқы тілдері»** күні мерекесіне орай мектеп кітапханасында **«Тіл – ел жүрегі»** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Аталған кітап көрмесімен мектебіміздің барлық ұстаздары мен оқушылары танысып, біршама мәліметтермен танысты.

Жұбан Молдағалиевтің 105 жылдығына орай мектеп кітапханасында **«Көркем сөздің шебері»** атты тағылымды іс-шара өтті. **7 “А” сынып оқушылары** ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған мазмұнды баяндамаларын оқып, жүрекпен тебірене жырларын мәнерлеп оқыды. Оқушылардың шынайы ықыласы мен шабытты өлең оқу сәттері оқушылардың көңілінен шықты. Шара соңында **«Wordwall»** қосымшасы арқылы танымдық сұрақтарға жауап беріп, білімдерін сынады.

Мектебіміздің кітапханасында қазақтың көрнекті ғалымы, түркітанушы, әдебиеттанушы **Әуелбек Қоңыратбаевтың туғанына 120 жыл** толуына арналған ерекше танымдық сағат өтті. Іс-шараға **8»Г» сынып оқушылары** белсенді қатысып, ғалымның өмір жолы мен еңбектерімен тереңірек танысты.Ең алдымен оқушылар назарына бейнеролик ұсынылып, ғалымның шығармашылық мұрасы кеңінен талқыланды.Оқушылар түрлі зияткерлік тапсырмалар орындап, өз білімдерімен бөлісті. Шара соңында **«Ғалымға хат»** атты шығармашылық жұмыс жазылып, балалар жүректерінен шыққан жылы лебіздерін білдірді. Бұл шара жас ұрпаққа ұлттық рух пен ғылымға деген қызығушылықты оятты. Әуелбек Қоңыратбаев – тек ғалым ғана емес, қазақ руханиятының асыл тұлғаларының бірі. Осындай танымдық кездесулер – тарихты ұмытпай, болашаққа нық қадам басудың кепілі.

“Балалар кітапханасы” жобасы аясында мектеп кітапханасында **5 «Г»** класс оқушыларының қатысуымен **«Қызықты кітап»** тақырыбында викториналық ойын өтті. **5 «Г»** сынып оқушылары белсенді қатысып, әдеби кейіпкерлер мен шығармалар жайлы білімдерін ортаға салды. Балалар өз ойларын еркін жеткізіп, тапқырлығымен, шапшаңдығымен көзге түсті. Әр оқушы кітап оқудың пайдасы мен маңызын тағы бір мәрте түсініп, жаңа шабыт алды.Шара оқушылардың сөздік қорын байытып, логикалық ойлау қабілетін дамытты. Кітапқа деген қызығушылық пен сүйіспеншілік айқын сезілді.

Қазан айы бойынша жоспарланған іс-шаралардың барлығы дерлік өз уақытында орындалды. Оқырмандарға көркем әдебиеттерді беру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келді және алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

Мерзімді басылымдар бойынша әр апта сайын мектебіміздің қаражаты есебінен жазылған газеттер мен журналдар тұрақты түрде келіп тұрады. Келген газет-журналдармен жұмыс бойынша айтар болсам, алдымен журналдарға мекетеп кітапханасының мөрі қойылып, орналастырылады. Газеттерді түптеп, реттілігі бойынша жинақтау жұмысы жүргізіледі. Егер газет-журналға кітапхана оқырмандарының мақаласы шыққан болса, мектеп кітапханасының инстаграмм парақшасына орналастырылады.

Мектеп кітапханасында балалар жүрегіне жылу сыйлаған жазушы Нәсіреддин Сералиевтің өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби-танымдық сағат өтті. Іс-шара барысында оқушылар жазушының өмір жолымен танысып, өлеңдер оқыды, **“Сиқырлы қапшық”** пен **“Кім жылдам?”** ойындарына белсене қатысты. Сонымен қатар **“Жақсы қасиеттер ағашын”** өсіріп, жазушыға арнап өз хаттарын жазды. Бұл кездесудің басты мақсаты – балалардың бойына мейірім, достық, еңбекқорлық сияқты ізгі қасиеттерді ұялату, кітап оқуға деген сүйіспеншілікті арттыру болды. Жылы жүздесу соңында балалар **“Жүректен шыққан сөз”** бөлімінде жазушының еңбегіне ризашылық білдіріп, жақсы ойларымен бөлісті.

2025 жылдың 17 қазанынан 17 қараша аралығында республикалық деңгейде мектеп кітапханаларының **«Ұлттық құндылықтар»** тақырыбында айлығы өтеді. Аталған айлық бойынша біздің мектеп кітапханасы арнайы жоспар құрып осы бойынша жұмыс жүргізіп келеді.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында өткен **«Халық ертегілерін дауыстап оқу»** шарасында 2-сыныптың кішкентай оқырмандары ертегілер әлеміне саяхат жасады. Балалар сүйікті ертегілерін — **«Мақта қыз бен мысық»**, **«Түлкі мен қасқырды»** — мәнерлеп оқып, рөлге еніп, кейіпкерлермен бірге күлді, ойланды, үйренді. Ойындар мен сергіту сәті балалардың көңілін көтеріп, ертеңге деген қызығушылығын арттырды. Ертегілер – ұлт рухының тамыры, бала жүрегіне нұр себетін шексіз қазына. Сол қазынаны бірге ашқан бүгінгі күн әр жүректе із қалдырды.

Мектеп кітапханасында 4-сынып оқушылары арасында **«Өз қолыңмен жасалған бетбелгі — досқа сыйлық»** шығармашылық байқау өтті. Оқушылар өз қолдарымен ерекше, түрлі-түсті және әдемі бетбелгілер жасап, қиялдарын көрсетті. Қазылар алқасы ең ерекше жұмыстарды тандап, жеңімпаздарды анықтады: **1 орын** — 4 «Ж» сынып, Макуова Айзере, **2 орын** — 4 «Б» сынып, Жұмахан Айару, 4 «Ж» сынып, Жанибек Әлия, **3 орын** — 4 «Ә» сынып, Маймакова Аяна, 4 «В» сынып, Серікова Таңшолпан, 4 «Р» сынып, Изтұрған Ягмур. Барлық қатысушыларға алғыс білдіреміз!

Ақтөбе қалалық білім бөлімі тарапынан 2025 жылдың 29 қазан – 7 қараша аралығында білім беру ұйымдарындағы оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарға

түгендеу (инвентаризация) жүргізілуде. Бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін арнайы мониторингтік комиссия құрылып, оқулықтар жөнелтпе құжаттары негізінде тексерілуде. Осыған орай бүгін мектеп кітапханасында мониторинг тобы оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың есебін тексеру жұмыстарын жүргізді. **Мақсат** — оқу құралдарының есебін нақтылап, білім сапасын арттыруға жағдай жасау.

Ақтөбе облысының әкімдігі мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттар басқармасы ұйымдастырған **“Бала қиял – болашақ қанаты”** республикалық шығармашылық байқауында мектебіміздің оқушылары жүлделі орындарға ие болды! **8 “Ә” сынып оқушысы Маратқызы Айару — “Үздік фантастика”** номинациясы бойынша **“Алғыс хатпен”** марапатталды. **9 “Ә” сынып оқушысы Хайрулла Нұрдана Талғатқызы — “Үздік ертегі”** номинациясы бойынша **II орынға** ие болды. Марапаттау рәсімі Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасында өтті. Оқушыларымызды шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы мектеп оқушыларына арналған **«Демалыста кітап оқимыз!»** атты **гайдбукты** ұсынды. Дәстүрлі түрде **«Демалыста кітап оқимыз»** іс-шарасы биылғы оқу жылында да өз жалғасын тапты. Яғни оқушылар өздерінің демалыс кезіндегі оқыған кітабын видео немесе фото түрінде мазмұндап мектеп кітапханасының инстаграмм желісіне орналастырды. Аталған іс-шараға кітапхана оқырмандары белсенді түрде қатысты.

Өткізілген іс-шаралар

